БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 214 (9276) | 1953 жылғы 23 октябрь Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Колхоздар мен совхоздардың басшылары, ауыл шаруашылығының мамандары сүт малының өнімділігін үздіксіз арттыруға, әсресе, күзгі-қысқы маусымда мемлекетке сүт тапсыру жоспарының мүлтіксіз орындалуына жетісулері қажет.

Бұл—мал шаруашылығы қызметкерлерінің бүгін таңдағы абройлы міндеті.

Қазақстан Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1953—1954 жылдардың күзгі-қысқы маусымында сыйырдың сүт өнімділігін арттыру және сүттің товарлы шығымдылығын молайту шаралары туралы

Сүттік сыйыр малы шаруашылығын жүргізудің дәрежесі төмен болуы салдарынан республиканың колхоздары мен совхоздарында күзгі- қысқы маусым басталысымен сауын сыйырлардың көпшілігін мезгілінен бұрын суалтудың мүлдем теріс және зиянды практикасы орын алған. Малды қолда бағу маусымында сүт малы үшін әртүрлі сапалы жемшөптерді керекті мөлшерде дайындаудың, жақсы қоралар әзірлеудің орнына, көп колхоздар мен совхоздардың басшылары малды колда ұстудің қысқы маусымы басталысымен- ақ сыйырларды сауууды тоқтатып қойып, жұмыстың оңай жолына түсіп отыр. Осының салдарынан ұзақ уақыт бойы сүт алу жөніндегі зор мүмкіншіліктер мүлдем дерлік пайдаланылмайды және мемлекетке сүт тапсыру іс жүзінде тоқтатылады.

Партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының бірсыпыра басшылары шаруашылықты жүргізудің артта қалған формаларын жою жөнінде керекті жұмыс жүргізбей келеді және шындығында өздері сол артта қалған пиғылдардың шырмауынан шыға алмай жүр.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық және аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері колхозшылардың, совхоз, МТС, ММШС жұмысшыларының арасында СОКП Орталық Комитетінің сәнтябрь Пленумының қаулыларынан туған саяси және өндірістік өрлеуді әлі шындап бастамай келеді, оларды сүтті көп сауу және сүт дайындауды арттыру жөніндегі қолда бар мүмкіншіліктерді барынша толық пайдалануға жұмылдырмай отыр.

Көп колхоздарда, әсресе, мал өсіруші аудандардың колхоздарында және ет совхоздарында, сыйырдың көбі әлі де болса сауылмайды, сыйырларды құнарлы, күшті және минералды азықтармен қосымша жемдеу ұйымдастырылмаған, фермалар керекті мөлшерде сауыншылармен және малшы-бақташылармен толықтырылмаған.

Қазақ ССР Жеңіл және тамақ өнеркәсіп министрлігі мал өсіруші аудандар мен ет сүт фермаларында сыйырларды нормалап жемдеу қолданылсын. Сыйырлардың өнімділігіне қарай оларды жемдеудің топтопқа арналған рациондары жасалсын, рациондарға өте сапалы жай шөп, құнарлы, күшті және минералды азықтар толық керекті мөлшерде енгізілсін;

күзгі маусымда сауын сыйырларды жемдеу үшін огород -бақша дақылдарының қалдықтары, қант қызылшасының пөлегі, тамақ өнеркәсібінің қалдықтары (жөм, төп, сыра бөртпесі) кеңінен пайдаланылсын. Сүрленген азықты көктемде малға жай шөп орнына берудің теріс практикасына тыйым салынсын және сыйырды қыста қолда бағу маусымының ең бойында құнарлы азықпен жемдеу қамтамасыз етілсін;

суалатын барлық буаз сыйырлар мен қашарлар буаздығының екінші жартысынан бастап бұзаулауға әзірленетін болсын және іштегі төлінің дұрыс өсуін, бұзаулағаннан кейін сүт өнімділігінің жоғары болуын қамтамасыз ететін нормалар бойынша жемделетін болсын;

колхоздар мен совхоздарда сыйырларды бұзауға емізбей саууға көшіру ұйымдастырылсын, фермаларда бұзауларды нормамен жемдеу қолданылсын, мұнда көк сүт, сұлы жармасы, құнарлы, минералды азықтар және сапасы жақсы пішен кеңінен пайдаланылсын;

сауын сыйырларға арналған негүрлым жақсы қоралар бөлінін шығарылсын, бұл қоралар жылытылсын, жарықпен және дұрыс желдетіспен қамтамасыз етілсін. Бөлінген қоралар оттықтармен, желілермен, малды жемдеуге жемшөпті алдын- ала әзірлеу үшін керекті жабдықтың бәрімен жабдықталсын;

сауын сыйырлар қорада 3 рет суарылатын болсын, әрбір сыйырқорада су сақтау үшін күбілер және мал суару үшін астаулар керекті мөлшерде қойылатын болсын;

он күн мерзімнің ішінде фермаларда зоотехник жасап, колхоз басқармасы бекіткен жұмыс тәртібі қолданылатын болсын. Малды жемдеу, суару, тыныктыру, қораны көннен тазалау жұмыстарының, сол сияқты, басқа да жұмыстардың жүргізілуі белгіленген жұмыс тәртібіне дәл шұқырларда өзінен- өзін булау жолымен малға беруге әзірлеу әдісін қолдануға айрықша көңіл бөлінсін;

Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері малшаруашылық аудандарының колхоздарында және ет совхоздарында барлық сауын сыйырдың санын қалпына келтіріп, тезінен сауынға қоюға, бұзауды өнесінен айырып, оны қолдан сүт беріп өсіруге көшіруге шаралар қолдануға міндетті;

суалатын буаз сыйырлар мен қашарлар бұзаулағанға дейін 2 ай бұрын белгіленген нормалар бойынша сауыншыларға бекітіліп берілсін. Осы сыйырлар мен қашарларды бұзаулатуға және саууға әзірлеу жұмысы ұйымдастырылсын, олар толық құнды азықпен қамтамасыз етіліп, саууға үйретілсін (желінін жылы сумен жуу және сылау), сөйтіп, кейінкен бұлардың бәрі бұзауға емізбей саууға көшірілетін болсын;

колхоздар мен совхоздар қажетті мөлшерде ыдыспен, сепаратормен және сүт шаруашылығына қажетті басқа жабдықтармен жедел қамтамасыз етілсін;

кәзіргі бұзау қоралары қайта жабдықталып, жаңа бұзау қоралары салынсын, бұл қоралар, бұзауды қолдан сүт беріп өсіруге бейімделетін болсын. Фермалар бұзау тұратын көшпелі жеке клеткалармен және емшекті суарғышпен қажетті мөлшерде қамтамасыз етілсін;

бұзауды қолдан сүт беріп өсіру әдісін тұқұшы рет қолданатын шаруашылықтарға малдәрігерлік -зоотехникалық көмек күшейтілсін.

Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармаларына, МТС, ММШС және совхоз директорларына, колхоз басқармаларына сыйыр сауатын қолда бар электр-механикалық аппараттың бәрін өнкүндік мерзім ішінде жөндеп, олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету міндеті тапсырылсын.

Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, оның жергілікті органдары, МТС, ММШС және совхоз [illegible]

екікүндік семинарлар өткізілсін, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларына сәйкес еңбек ұйымдастыру және ақы төлеу принциптері кеңінен түсіндірілсін;

сүт фермаларының қызметкерлерін үш жылдық зоотехникалық курстардағы оқуға барынша толық тарту жұмысы қамтамасыз етілсін. Озаттардың тәжрибесін үйрәніп, өндіріске енгізу үшін ферма қызметкерлерінің алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға экскурсия жасауы кең көлемдегі практикаға айналатын болсын.

Облыстық және аудандық партия комитеттері, колхоздар мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары товарлы-сүт фермаларында бұқаралық- саяси және мәдени- ағарту жұмыстарын үнемі жүргізуге, бұл жұмысты ферма қызметкерлерінің еңбек өнімділігін барынша арттыруға, сүтті мол саууға және малды тұтел аман сақтауға бағыттап отыруға міндетті.

Товарлы -сүт фермаларының қызметкерлері арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, социалистік міндеттемелердің орындалуын үнемі тексеру және қорытындысын шығару жұмысын ұйымдастыру қажет.

Республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне сыйырдың сүттілігін арттыру мәселелері жөніндегі плакаттарды, листовкаларды, кітапшаларды, лекцияларды және өнгімелерді бір ай мерзім ішінде көп тиражбен басып шығаруды қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

Республиканың Жеңіл және тамақ өнеркәсіп министрлігі, Қазақстан тұтынушылар кооперациясының одағы, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері мынадай шаралар істеуге міндетті:

әсресе, малшаруашылық аудандары мен ет совхоздарында қабылдау пункттерінің қосымша жүйелері ұйымдастырылсын, сөйтіп, колхоздар мен совхоздардан сүт пен сүт өнімдерінің үздіксіз қабылдануы, сонымен катар, бұзауға беру үшін көк сүттің жас күйінде колхоздарға мезгілінде [illegible]

Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра берейік

☆ ☆

Бектемір қарт басқарған фермада

Облысымыздың таңдаулы малшылары Коммунистік партия мен Совет Үкметінің мал шаруашылығы қызметкерлері алдына қойған орасан зор міндеттерін мүлтіксіз жүзеге асыру жолында бар күш- мүмкіншіліктерін жұмсап, аянбай еңбек етуде. Олар өздерінің үлгілі еңбектерімен таяудағы екі- үш жылдардың ішінде халқымыз үшін азық- түлік, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері үшін шикізаттың мол қорын жасаудағы бүкілхалықтық іске жеделі үлес қосуды көздеп отыр. Солардың бірі—70 жастағы қарт Күтпенов Бектемір. Ол 1931 жылдан бері Приишім ауданындағы Қызылөскер совхозында жұмыс істейді. Бектемір қой бағудың озат әдістері мен өзінің көп жылғы тәжрибесін қолдана отырып, үнемі жақсы жетістіктерге ие болды. Алған міндеттемесін абройімен орындап, социалистік жарыста үздік шыққаны үшін оған бірнеше рет совхоз дирекциясының мақтау грамоталары мен бағалы сыйлықтары тапсырылды.

Іскерлік қабілетін көрсетіп, жұртшылықтың құрметіне белленген Бектемір карт 1949 жылы совхоздағы жылқы фермасының меңгерушілік қызметіне жоғарылатылды. Ол меңгеруші болып жұмысқа кіріскен кезде фермада 140 жылқы бар еді. Кәзір олардың саны 2,5 есе өсті. Бектемір басқарған ферма коллективі жылқы өсірудің жоспарын үнемі орындап келеді. Өткен жылы 72 биеден 72 құлын алынып, олар шығынсыз өсірілді. Быйылғы алынған құлындар да аман өсірілуде.

Жылқылардың саны көбеюмен бірге сапасы да жақсара түсті. Мұнда зоотехникалық ғылымның соңғы табыстары қолданылып, ауыр жұмысқа төзімді көптеген жылқылар өсірілді. Өрише, мұның барлығын бүкіл ферма коллективінің және оны басқарушы Бектемір қарттың қол жеткен табыстары деп бағалау керек.

Бектемір коллективтің әрбір мүшесіне арнаулы тапсырмалар беріп, оның орындалуына қатаң бақылау жасап отырады. Ол малшылар арасында жиі- жиі өнгімелер өткізіп, онда еңбек тәртібін дұрыс сақтамай жүрген жекелеген малшыларды батыл сынға алады, озаттардың іс тәжрибелері ортаға салынып, көпшіліктің игілігіне айналдырылуын қамтамасыз етеді.

Бектемір мал өсірудің ең жауапты кезеңі —жылқының қысқы табынын жақсы ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі. Табындықты ойдағыдай өткізу жөнінде оның тәжрибесі мол. Ол қысқы табындыкке жақсы жайылымдықтарды ерте бастан белгілеп, ол жерлерге жазда жылқы жаймайды. Күзде шөп өбден өсіп жетілгенде Бектемір табындық участоктердің шөбін жапыртуды ұйымдастырады. Жерге жапырылған шөпке қар араласпайды, мұз қатпайды, ол шөпті жылқы ешбір қыйыншылықсыз алып жейді.

Қыстың өте суық, боранды күндерінде жылқы жем етпейтін ыққа әкелініліп, қосымша құнарлы шөп беріледі. Осындай ерекше күтімнің нәтижесінде қыстан жылқылардың қоңы жоғары шығады.

Көктем —бие құлындайтын кезең. Құлын алу өте ұқыптылықты қажет етеді. Мұны түсінген ферма коллективі уақытпен санаспай жұмыс істейді. Бие мен жас құлындар күні бұрын дайындалған жеке үйге күтіледі. Бұл кезде Бектемір уақытының көпшілігін ферма басында өткізеді. Ол алынған құлындардың зоотехникалық ережелерге сай күтілуіне бақылау жасайды.

Бектемір малшыларға өз тәжрибесін айтып, мал мамандарымен ақылдасып отырады. Ол өзі сынақты озат көптеген малшылар тәрбиелеп өсірді. Фермада оның ұлы Өйтім қажырлы еңбек етіп жүр. Жас жылқышылар Өлімов, Рәшев Бектемір қарттың тәжрибесін үйреніп, оны үлгі етулерінің арқасында жақсы табыстарға жетуде.

—Мен 13 жасымнан бастап бай малын бағып, жалшылықта жүрдім, —дейді қарт, жастық шағын еске түсіріп, —Ол кезде мал бағу ауыр азап еді. Жыл бойы табысымыз күн көріске жетпейтін. Адал еңбектің жемісін Совет өкметі тұсында ғана көрдім. Табысымыз молайып, еңбек өнімі артып, өмір жылдан- жылға сәнді, қызықты болып барады. Мұның бәрі біз сынқты малшыларға жасалып отырған қамқорлықтың арқасы.

Бектемір қарт басқарған ферма коллективі кәзірде жылқыларды қыстан шығынсыз, жоғары қоңмен алып шығу үшін күресуде.

А. ДАУЛАТОВ.

Приишім ауданы, Қызылөскер қой совхозы.

совхоздарында сүт қтоылдау және сүт өндеу орындарын тез көбейтуді қамтамасыз етпеді. Мұның өзі республиканың колхоздары мен совхоздарында сүттің товарлы шығымын арттырудың нақтылы қайнар бұлағын тежейді.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті колхоздар мен совхоздарда күзгі- қысқы маусымда сауын сыйырды мерзімінен бұрын жаппай суалту практикасын теріс және зиянды деп атап көрсетті.

Республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, оның жергілікті органдарына, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС, ММШС және совхоз директорларына күзгі- қысқы маусымда сүт сауылуын және сүт дайындалуын төмендетуге жол бермеу былай тұрсын, қайта қорада бағу маусымында сүт малын күтуді, бағуды және әсресе жемдеуді мықтап жақсарту негізінде сыйырдың сүт өнімділігін онан әрі арттыруды қамтамасыз ету жүктелді, мұның үшін:

быйылғы жылы 25 октябрьден бастап колхоздарда кемінде 400 мың, совхоздарда—100 мың сыйыр күшейте жемдеуге және сауға қойылсын. Бұл үшін 10 күн өзім ішінде әрбір колхоз бен совхозда барлық сыйыр зоотехникалық жағынан қаралып өтетін болсын, сауын мерзімі аяқталмаған барлық сыйырларды 3 рет сауу ұйымдастырылсын;

әрбір товарлы-сүт фермасы мен бригадаға сүт сауын алу және мемлекетке сүт тапсыру жөнінде өнкүндік және айлық тапсырмалар белгіленсін, сауыншыларға бекітіліп берілген сыйырлардың әрбір тобы бойынша сауын алынған сүттің және сүт шығымының дәлме- дәл есебін жүргізу қамтамасыз етілсін;

сүт фермалары үшін әртүрлі жемшөптердің жеткілікті мөлшері бөлініп белгіленсін, бұл жемшөп фермаларға тасылсын және ферма меңгерушілеріне акт бойынша тапсырылсын;

сүт фермалары ыдыспен, сүт өлшеуіштермен, лабораториялық жабдықпен және реактивтермен, марлямен, орамалмен, халаттармен, сүт есебін жүргізетін журналдармен қамтамасыз етілсін. Сүттің, қаймақтың және көк сүттің майлылығын анықтаудың дұрыстығы үздіксіз бақылаған отыратын болсын. Бұлардың майлылығын дұрыс анықтамай айыпты болған адамдар қатаң жауапқа тартылатын болсын.

Барлық колхоздар мен совхоздарда жемшөпті малға беруді әзірлеуді ұйымдастыру үшін республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС, ММШС және совхоз директорларына күзгі- қысқы маусымда сүт сауылуын және сүт дайындалуын төмендетуге жол бермеу былай тұрсын, қайта қорада бағу маусымында сүт малын күтуді, бағуды және әсресе жемдеуді мықтап жақсарту негізінде сыйырдың сүт өнімділігін онан әрі арттыруды қамтамасыз ету жүктелді, мұның үшін:

быйылғы жылы 25 октябрьден бастап колхоздарда кемінде 400 мың, совхоздарда—100 мың сыйыр күшейте жемдеуге және сауға қойылсын. Бұл үшін 10 күн өзім ішінде әрбір колхоз бен совхозда барлық сыйыр зоотехникалық жағынан қаралып өтетін болсын, сауын мерзімі аяқталмаған барлық сыйырларды 3 рет сауу ұйымдастырылсын;

әрбір товарлы-сүт фермасы мен бригадаға сүт сауын алу және мемлекетке сүт тапсыру жөнінде өнкүндік және айлық тапсырмалар белгіленсін, сауыншыларға бекітіліп берілген сыйырлардың әрбір тобы бойынша сауын алынған сүттің және сүт шығымының дәлме- дәл есебін жүргізу қамтамасыз етілсін;

сүт фермалары үшін әртүрлі жемшөптердің жеткілікті мөлшері бөлініп белгіленсін, бұл жемшөп фермаларға тасылсын және ферма меңгерушілеріне акт бойынша тапсырылсын;

сүт фермалары ыдыспен, сүт өлшеуіштермен, лабораториялық жабдықпен және реактивтермен, марлямен, орамалмен, халаттармен, сүт есебін жүргізетін журналдармен қамтамасыз етілсін. Сүттің, қаймақтың және көк сүттің майлылығын анықтаудың дұрыстығы үздіксіз бақылаған отыратын болсын. Бұлардың майлылығын дұрыс анықтамай айыпты болған адамдар қатаң жауапқа тартылатын болсын.

Барлық колхоздар мен совхоздарда жемшөпті малға беруді әзірлеуді ұйымдастыру үшін республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС, ММШС және совхоз директорларына, ауыл шаруашылығы және дайындау бастықтарына, МТС, ММШС және совхоз директорларына, колхоз басқармаларына мыналарды істеуге міндеттелді:

он күн мерзімнің ішінде әрбір МТС пен ММШС-ке, әрбір колхоз бен совхозға жемшөпті малға беруге әзірлеу жөнінде тапсырмалар белгіленсін. Бұл арада барлық сабан- топанның және ірі сабақты пішен сауын сыйырларға ұсақтатылып, буланып, концентраттармен араластырылып берілетін болсын. Ал, дәнді азық, күнжара және басқа концентраттар уатылған немесе ұнтақталған түрінде, малазық тамыржемістері жуылған және кесілген түрінде берілуі көзделсін;

бір ай мерзімнің ішінде сүт фермаларында жай шөпті булау үшін шегенделген шұңқырлар жасалсын, сүрленген азық- сабан кескіштер, тамыр кескіштер, күнбағыс уатқыштар және дән уатқыштар жөнделсін және орнатылсын;

быйылғы жылы 1 ноябрьге дейін аудандарда колхоз председательдері мен ферма меңгерушілерінің жемшөпті малға беруге әзірлеу жөніндегі біркүндік семинарлары өткізілсін. Семинарға қатысушылар малды қолда бағу маусымында жемдеу жөніндегі озат шаруашылықтардың жұмыс тәжрибесімен кеңінен таныстырылсын. Сабан- топанды шегенделген болсын. Малға беруге ұсақтатылып, буланып, концентраттармен араластырылып берілетін болсын. Ал, дәнді азық, күнжара және басқа концентраттар уатылған немесе ұнтақталған түрінде, малазық тамыржемістері жуылған және кесілген түрінде берілуі көзделсін;

бір ай мерзімнің ішінде сүт фермаларында жай шөпті булау үшін шегенделген шұңқырлар жасалсын, сүрленген азық- сабан кескіштер, тамыр кескіштер, күнбағыс уатқыштар және дән уатқыштар жөнделсін және орнатылсын;

быйылғы жылы 1 ноябрьге дейін аудандарда колхоз председательдері мен ферма меңгерушілерінің жемшөпті малға беруге әзірлеу жөніндегі біркүндік семинарлары өткізілсін. Семинарға қатысушылар малды қолда бағу маусымында жемдеу жөніндегі озат шаруашылықтардың жұмыс тәжрибесімен кеңінен таныстырылсын. Сабан- топанды шегенделген

сауын сыйырдың және сүт өметін бұзаудың жайына ерекше малдәрігерлік бақылау қою міндетті.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті сүт фермаларын маман кадрлармен, ең алдымен сауыншылармен толықтыру колхоздар мен совхоздарда сыйырдың сүттілігін шұғыл арттырудың аса маңызды шарты болып табылатынын атап көрсетеді. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне мынадай міндеттер жүктелді:

сүт фермалары сауыншылар мен бақташылардың тұрақты кадрларымен бір ай мерзімнің ішінде толықтырылсын, соның өзінде олардың белгіленген жұмыс нормалары еске алынсын. Толықтыру жұмысы озат колхозшылар, колхозшы әйелдер мен совхоз жұмысшылары есебінен, ең алдымен коммунистер мен комсомолцтер есебінен жүргізілсін;

товарлы-сүт фермаларында өнбекті дұрыс ұйымдастыру және ақы төлеу жұмысы қамтамасыз етілсін. Сауын сыйырларды сауыншыларға дұрыс бекітіп беруге, ферманың әрбір қызметкері өндірген өнімін жеке есепке алуға, еңбекке төленетін негізгі және қосымша ақының алынған өнімге қарай дұрыс есептеуге ерекше көңіл бөлінсін. Әрбір товарлы-сүт фермасында күн тәулігі бойына кезекшесіп жұмыс істеу тәртібі орнатылсын;

сүт фермаларының қызметкерлері үшін қажетті өндірістік- тұрмыс және мәдени жағдайлар жасалсын, олар арнаулы киммен және аяккиммен қамтамасыз етілсін. Фермалар жанында балалар ясилері, радиосы бар қызыл бұрыштар ұйымдастырылсын, ферма қызметкерлерінің балаларын медициналық жағынан үнемі қамту және оқыту жұмысы қамтамасыз етілсін. Күзгі-қысқы уақытта сыйырды азықтандыру, бағып- күту және сауу мәселелері жөнінде фермалардың қызметкерлерімен

сүт тапсырушылармен мезгілінде есеп айырысу, сонымен қатар, мемлекетке сату жолымен түскен сүт үшін колхоздарға автомашиналар мен концентрат азықтарын беру қамтамасыз етілсін;

тамақ өнеркәсібінің малазықтық қалдықтарының колхоздарға тоқтаусыз берілуі, мұндай қалдықтардың сыртқа сатылып, жеке адамдардың талан-таражға салуына жол бермеу жұмысы қамтамасыз етілсін.

Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен Қазақстан тұтынушылар кооперациясының одағына республикаға қажетті мөлшерде сепаратор, сүт сауыттары мен сүт өлшеуіштер, сепаратордың запас бөлшектерін әкелп, оларды колхоздар мен совхоздарға сатуды қамтамасыз ету, сепараторларды жөндеу жұмысын ұйымдастыру міндеті жүктелді.

Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалық «Заготзерно» конторы, Қазақстан тұтынушылар кооперациясының одағы колхоздардың міндетті түрде тапсырған бидайы үшін берілуге тиісті кебектің оларға тоқтаусыз босатылуын, сонымен қатар, мемлекетке сатқан сүтке товар беру ретінде колхоздар мен колхозшыларға концентрат азықтарының сатылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттеріне осы қаулы бойынша бекітілген шаралардың іс жүзіне асырылуына үнемі бақылау жүргізуді, партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық органдары басшыларының, МТС, ММШС және совхоз директорларының, ауылдық- селолық Советтер мен колхоздар басшыларының, сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мамандарының сүт малының өнімділігін арттыруға және күзгі- қысқы уақытта мемлекетке сүт тапсыру жоспарларын үнемі орындауға жауапкершілігін арттыруды міндеттеді.

Мал азығының есебі дұрыс жүргізілсін

Мал өсірудің мемлекеттік жоспарына қарап, жыл сайын әрбір колхозға мал азығын дайындаудың тапсырмасы тағайындалады. Өйткені, колхозда мал шаруашылығының өркендеуі жемшөп дайындау жоспарының орындалуына тікелей байланысты. Ал, жоспар орындалмаған колхоздарда мал шығыны болатындығы және мал шаруашылығының өнімдері кеміп кететіндігі мәлім.

Өткен жылы Совет ауданындағы «Победа» колхозында (председателі Зеркаль жолдас) мал азығын дайындау жоспары орындалмады. Осының салдарынан мұнда алынған төлдердің 23 проценті шығып болды. Сол сыяқты, ірі малдардың шығынына да жол берілді. Мал азығын сатып алуға колхоздың 50 мың сомнан астам қаржысы жұмсалды.

Колхоз басшылары бұл кемшіліктерді нақтылы қорытынды шығарып, быйыл мал азығын дайындау жоспарын мерзімінде орындауға және дайындалған азықтың есебін дұрыс жүргізуге тиісті еді. Бірақ, жағдай көзіргі күнде бұған керісінше болып отыр. Колхозда мал азығын дайындау жоспары 19,5 процент ғана орындалды. 834 гектар жердің шабылған шөбі әлі күнге дейін маяланбай, атжалда және шөмеледе жатыр.

Мұнда мал азығының есебі дұрыс жүргізілмейді. Маяланған шөптерді күзету ұйымдастырылмаған. Осының салдарынан 344 центнер шөп өрт апатына ұшыраған. 52 мая шөпті мал шашып, сапасын кеміткен.

«Красное поле» колхозында да мал азығының есебі бетімен жіберілген. Мұнда әлі күнге дейін 144 маяда қанша шөптің барлығы белгісіз. Колхоз басқармасы аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөліміне мал қоралары қасына 816 центнер мал азығы тасылды деп мәлімет берген. Тексере келгенде қоралар қасына тасылған шөптің мөлшері 365 центнер ғана болды. Мұның өзі колхоз басшыларының мал азығының есебін жүргізуде көз бояушылыққа салынғандығын дәлелдейді.

Молотов атындағы колхозда 855 тонна мал азығы дайындалды деп есептелінеді. Бірақ, осы мөлшерде мал азығы дайындалғандығы есепқор документпен анықталмады. Мұнда көпшілік маялар өлшенбеген. № 2 бригададағы дайындалған мал азығының мөлшерін есептеу № 1 егіс бригадасының есепшісі мен хат тасушыға тапсырылған-ды. Олар бұл міндетке жауапсыз қарап, шөптің есебін дұрыс жүргізбеген.

Дайындалған мал азығы «Көктерек», «Совет», «Еркіндік», «Новый быт» колхоздарында да дұрыс есепке алынбаған. Колхоз басшылары осы бастан дайындалған мал азығын есепке алып, оның есеппен жұмсалуына жете көңіл бөлмей келеді.

Совет ауданының колхоздарында дайындалған мал азығын есепке алу және оны сақтау жұмыстарының бетімен жіберілуі мал азығының шіруіне, талан-таражға салынуына әкеліп соғуда.

Колхоздардың басшылары бұл кемшіліктерді таяу мерзімде жоя отырып, мал азығының есебін дұрыс жүргізулері керек. Ол үшін колхоздарда комиссиялар ұйымдастырылып, ол комиссия мүшелерінен жұмыстың сапалы болуы талап етілуі қажет. Әрбір маяның шөбін дұрыс өлшеу керек. Мал азығын күзетуді ұйымдастыру жөн. Барлық дайындалған мал азығын комиссия мүшелерінің актісі бойынша колхоздың есеп кітапшасына жазған дұрыс. Малдардың қолда күтілетін маусымы басталғаннан кейін мал азығын белгіленген мөлшер бойынша жұмсау керек. Ал, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің қызметкерлері мал азығын есепке алу, сақтау ісінде колхоздарға нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Ф. КУРОВСКИЙ,
Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының нұсқаушы-бухгалтері.

Қазақ тіліндегі ауылшаруашылық кинофильмдері

Республиканың колхоздарында, совхоздарында, МТС-тері мен ММШС-терінде, алыстағы мал жайылым участкелерінде ауылшаруашылық кинофильмдері зор табыспен көрсетілуде. Бұлардың көбін Алматы киностудиясы қазақ тіліне аударған.

Ғылми 11 фильм қазақшаға аударылды. Олардың ішінде «Мал фермаларын механикаландыру және электрлендіру», «Дәнді дақылдар өсіруді комплексті механикаландыру», «Суармалы жерде мақта өсірудің агротехникасы» деген және басқа фильмдер бар.

Қазақ еңбекшілері ана тіліне аударылған «Ауыл шаруашылығының жаңалықтары» киножурналын зор ынта қойып көруде. Кәзір студия «Қазақстанның малшылары» деген толық метражды түсті кинофильм түсіріп жатыр.

(ҚазТАГ).

Ауылдар мен селоларға баратындар үшін

Алматының Комсомол және Панфилов көшелерінің бұрышындағы ең ірі кітап магазинінде республиканың ауылдары мен селоларына жұмысқа баратын мамандар үшін ауылшаруашылық әдебиетінің бөлімі ашылды. Бөлімнің орталығында, жақсы жабдықталған стендте жаңа шыққан ауылшаруашылық әдебиеттері қойылған. Витринаның үстінде былай деп жазылған: «Агрономдар, зоотехниктер, ауыл шаруашылығының механизаторлары! Жаңа шыққан ауылшаруашылық әдебиеттерін сатып алыңыздар! Ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын колхоз өндірісіне батыл енгізіңіздер!»

Магазиннің директоры Я. Дубининнің ҚазТАГ тілшісіне хабарлауына қарағанда, сентябрь-октябрьде ауылшаруашылық әдебиетін сұраған адамдар көбейе түскен. Магазин осындай әдебиетті өткен жылдың тиісті кезіндегіден екі есе артық сатты. Шығыс Қазақстан облысының Рулиха МТС-іне бас инженер болып кеткен Алматы электр байланыс техникумының инженері Панченко жолдас, Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің аппаратында жұмыс істеп, сол облыстағы Шемонайхы МТС-нің бас инженері қызметіне жіберілген инженер Гаврилов жолдас ауылшаруашылық және анықтама әдебиеттерінің шағын кітапханаларын сатып алды. МТС-терге жұмысқа кетуші ондаған агрономдар, мал дәрігерлері, зоотехниктер, тракторшылар көп кітап сатып алуда. Магазин селоға баратын мамандар үшін арнаулы шағын кітапханалар әзірлеуде.

Республиканың машина- трактор және машина- малшаруашылық станцияларының жаңа қызметкерлінен ауылшаруашылық әдебиетіне, әсресе, трактор жөндеу технологиясы мен овощь өсіру мәселелері жөніндегі әдебиетке берілген заказдар өте көп түсе бастады.

(ҚазТАГ).

Сабан той

ВОЗНЕСЕНКА (Ақмола облысы). (ҚазТАГ) Мұнда сабан тойы басталды. Бұл мерекеге Макин ауданының егіншілері, механизаторлары, малшылары жыйналды. Олар ауылшаруашылық жылын ойдағыдай аяқтағаны туралы рапорттар алып келеді. Бүкіл көлемде бітік егіс өсіріліп, жоспарда белгіленгеннен артық өнім алынды. Астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын орындалып, тұқым қорлары құйылды. Мал қыстатуға әзірлік аяқталды.

Колхоз өндірісі озаттарының табыстары аудандық ауылшаруашылық көрмесінде көрсетілуде. Мұнда механикаландыру бөлімі келушілердің ерекше назарын аударуда. Осы бөлімде ауылшаруашылық машиналарының жүзден аса түрі бар. Соңғы жылдарда ауданда ауыл шаруашылығын механикаландыру дәрежесі үш есе артты.

Ипподромда колхоз атшабарларының жарысы басталды. Аудандық Мәдениет үйінде селоның өнерпаздар коллективтері өз творчествосын көрсетуде.

Жауапсыздықтың салдары

Қыс түсуге онша көп күндер қалған жоқ. Демек, малдың қолға қарайтын уақыты жақындады. Қыстан малды жүдетпей, жоғары қонмен алып шығу үшін ең алдымен мал қыстату маусымына жаңжақты әзірлену керек. Онсыз мал басын көбейтіп, өнімділігін арттыруға болмайды. Бірақ, Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозында мал қыстатуға әзірлік төзгісіз жағдайда болып отыр. Мұнда дайындалған шөп малды азықтандыруға март айына дейін ғана жетеді. Колхозда аз дайындалған шөптің өзін тасуға арнаулы күш-көлік бөлінбеген. Мал қоралары жанына шөп тасуда, әсресе, М. Әбдіқалықов жолдас басқаратын № 2 бригада артта қалып келеді. Мұнда бірде-бір центнер шөп қоралар қасына тасып алынбаған.

Мал қораларын жөндеу, жаңадан салу жұмыстарының қарқыны мүлде баяу. Жөнделуге тиісті 5 қораның бірде-бірі әзір емес. Төл үйін салу әлі қолға алынған жоқ.

Жоғарыда айтылған кемшіліктер белгілі бола тұрса да колхоз председателі Қ. Сыздықов жайбарақаттыққа салынуда. Ол жемшөптің жеткіліксіз болуына қарамастан шөп шабу жұмысының сентябрь айының ортасынан бастап тоқтатылғанына, егіннің сабан-топанының жыйналмауына қынжылар емес. Ал, колхоз партия ұйымының секретары А. Нұрбаев мал қыстатуға әзірлік жөнінде коммунистердің жыйналыстарында қабылданған қаулылардың орындалуына бақылау жасап отырмайды. Мал фермаларында жұмыс істейтін коммунистердің авангардтық ролі көрінбейді. Бұқара арасында саяси үгіт тиісті дәрежесінде жүргізілмейді.

СОКП сентябрь Пленумының қаулысында мал шаруашылығын өркендетуге қажетті шарттардың бірі—мал қыстату маусымын үлгілі өткізу екені атап көрсетілді. Демек, бұл колхоздың басшылары бұл мәселе жөніндегі орын алып келе жатқан кемшіліктерді шұғыл жоюлары тиіс.

М. СӘДУОВ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия ұйымының басшылығымен

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын кеңінен насихаттауда партия ұйымдарына маңызды және жауапты міндеттер жүктеледі. Мамлют асыл тұқымды мал совхозының партия ұйымы бұл міндеттерді орындау жолында бірқатар жұмыстар жүргізді.

Партия ұйымы өзінің жақында болған жыйналысында малшылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмыс жөнінде мәселе қарап, үгітшілер құрамын қайта бекітті. Үгітшілер құрамы білімді, тәжрибелі үгітшілермен толықтырылды. Олардың көпшілігі тікелей малшылармен бірге жұмыс істейді. Мәселен, зоотехник В. Абрамов № 2 гуртке, ал, мал дәрігері Клюев жолдас № 2 фермаға үгітші болып белгіленді. Олар сентябрь Пленумының қаулысын түсіндіру жөнінде 6 реттен өңгіме өткізді. Партия ұйымы, әсресе, кернекі үгітке көбірек көңіл бөліп келеді. Бригадалар мен фермаларда әрбір сыйырдан 4100 литрден сүт алу жөніндегі міндеттемені абыроймен орындауға шақырған ұрандар ілінген. Көрсеткіш тақтаға әрбір сауыншының күндік тапсырмасын қалай орындағаны, қанша литр сү сауғаны жазылып тұрады.

Партия ұйымы комсомол, кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, мал күтудің және оның өнімділігін арттырудың озат әдістерін кеңінен насихаттап келеді. Бұл жұмысты ұйымдастыруға совхозның маман кадрлары тартылды. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясының ғылми қызметкері Иван Каргин және ауылшаруашылық ғылымының докторы Тәмра Тавилларова жолдастар мал өнімділігін арттыру жөнінде малшылармен кеңес өткізіп, олардың жұмысына көмектесіп отырады.

Бастауыш партия ұйымы фермалар мен бригадалардың арасындағы социалистік жарысқа басшылықты жақсартып, коммунистердің партиялық тапсырмаларды орындауын үнемі бақылап отыру арқылы олардың ұлғілі жұмыс істеуіне жетісіп келеді. Мал фермаларына жіберілген 28 коммунист саяси -бұқаралық жұмысты ойдағыдай жүргізу арқылы малшылардың күндік жұмыс нормаларын асыра орындауына жетісті

Идеялық жоғары дәрежеде жүргізілген саяси-бұқаралық жұмыс малшыларды жаңа табысқа жігерлендіріп, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындауға мүмкіндік берді. Совхоз құнарлы мал азығын дайындаудың жылдық жоспарын 103 процент орындады. Сол сияқты, мемлекетке ет тапсыру жоспарды да артығымен орындалды. Совхоз механизаторлары келесі жылдың егісі үшін зябь жыртуды 1 октябрьде аяқтап шықты. Мал фермаларына 6 мың центнерге жуық шөп тасылды.

Совхоз коллективі қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКП Орталық Комитетінің Ауыстағалы Қызыл Тұын берік ж[illegible]

Ауыл шаруашылығына басшылық дәрежесі жақсартылсын

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің пленумы

Жақында Петропавл аудандық партия комитетінің XIV пленумы болды. Онда «СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының, ҚКП Орталық Комитеті VI пленумының, облыстық партия комитетінің VI пленумының қорытындылары және аудан партия ұйымының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндеттері туралы мәселе талқыланды. Бұл мәселе жөнінде аудандық партия комитетінің секретары Қабдунасов жолдас баяндама жасады.

Пленумға қатысушылар өздерінің сөзінде ауданның партия ұйымы, бүкіл еңбекшілері сентябрь Пленумының қаулысын ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің зор программасы ретінде қарсы алғанын баяндады. Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің ұлы қамқорлығының нәтижесінде ауданның колхоздары мен совхоздарының экономикасы үнемі өсіп, нығаюда. Соғыстан кейінгі жылдарда егіс көлемі және оның өнімі едәуір артты. Осы уақыттың ішінде сыйыр малы—16,6, қой мен ешкі —16,1, шошқа —16,9 процент өсті.

Сонымен бірге, пленумға қатысушылар ауданда ауыл шаруашылығының қазіргі талаптан артта қалып отырған себептерін батыл ашып, сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Соңғы үш жыл бойы аудан колхоздары ауылшаруашылық дақылдарынан жоспарлы өнім ала алмады. Сондай-ақ, ауданда картоп және овощь өндірісін өркендетуге жете мән берілмей келді. Мұндай тәзгісіз жағдайдың басты себебі—МТС-тердің отандық қуатты және жаңа техниканың күшін толық пайдаланбауында, сөйтіп, дала жұмыстарын агротехникалық мерзімдерде орындай алмауында болып отыр.

Аудан колхоздары, әсресе, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде мүлдем артта қалып қойды. 1952 жылы 980 бас сыйыр малы, 821 шошқа жеміді. Аудан колхоздарында малды тол есебінен өсіру, оның өнімділігін арттыру көрсеткіштері мүлдем төмен. Мал азығының берік базасының жасалмауы мал шаруашылығын өркендету ісіне кері әсер етіп келді. Быйыл колхоздар бойынша мал азығын дайындау жөніндегі жоспар небары 42-ақ процент орындалып отыр. Осыған қарамастан бірсыпыра колхоздардың басшылары сабан мен топанды жыйнау ісіне немкетті қарап келеді. Мұның бәрі ауданның партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органының ауыл шаруашылығына қанағаттанғысыз басшылық жасағанын көрсетеді.

«Луч Ленина» колхозының председателі Бәукенов жолдас сентябрь Пленумының қаулысы колхозды шаруалардың арасында өндірістік жаңа өрлеу тұғызғанын, колхоздың ұйымдық- шаруашылық жағынан терінің тұқымдарын баптап күтудің шешуші кезеңі басталды. Бұл іске агрономның көмегі қажет.

Аудандық Совет атқомінің председателінің орынбасары Севастьянов жолдас өзінің сөзінде кейбір колхоздардың басшы кадрларының партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтамайтындығын айтты. Аудан мал азығын дайындаудан тәзгісіз артта қалып отыр. Алайда, кейбір колхоздардың басшылары қалған уақытты тиімді пайдаланып, жемшөп дайындауды ойдағыдай ұйымдастырудың орнына, көз бояушылыққа сүйенеді. Мысалы, Буденный атындағы колхозын председателі Ушаков дайындалмаған 3590 центнер шөпті дайындалды деп жалған мәлімет берген.

Димитров атындағы, Пушкин атындағы колхоздардың партия ұйымдарының секретарьлары Нагорный, Сазонов жолдастар сентябрь Пленумының қаулысын еңбекшілер бұқарасына түсіндіру жөніндегі партиялық- саяси жұмыстың жайын айтты. Үгітшілердің кеңесі кезінде өтіп, онда бұқаралық- саяси жұмыстың жайы туралы мәселелер жиі талқыланады. Бұл жөнінде нұсқау кеңес беріледі. Дегенмен, колхозшы шаруалар арасында саяси баяндамалар жасау, лекциялар оқу, концерттер мен киноларды көрсету өз дәрежесінде емес.

Петропавл совхозының директоры Горбунов жолдас совхоздың өгіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін өркендетуде қол жеткен жетістіктерін баяндады. Совхоз мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын жыл сайын толық орындап келеді. Ол овощытан, картоптан жоғары өнім алуда Горбунов жолдас сөзінің соңында совхозда радио торабын орнатудың, совхоз жұмысшыларын киномен қамтудың қажеттігін айта келіп, аудандық Совет атқомі мен аудандық партия комитетінің совхоздың шаруашылық жұмыстарымен және оның мәдени өмірімен жеткіліксіз шұғылданатынын сынады.

Петропавл МТС-нің директоры Любарь жолдас облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің МТС- терге басшылығы әлі де нашар екенін орынды сынады. Бірақ, ол өзі басқарып отырған МТС-тің дала жұмыстарын неліктен мерзімінде орындамағаны жөнінде жұмған аузын ашпады.

Механикаландыру мектебінің директоры Польшанский, комбайншы Ким, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председателі Зиновьев және Шылыков жолдастар өздерінің сөздерінде механизатор кадрларын даярлау, қайта даярлау, Есіл өзені бойындағы шабындық жерлерді көлдетін суару, ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибесін кеңінен насихаттау [illegible]



Октябрь ауданының «Путь к коммунизму» колхозында тоған салу жұмысы аяқталды. Бұл тоғаннан колхоздың егінін және шабындығын суару олардың шығымдылығын көп арттырады.

СУРЕТТЕ: «Путь к коммунизму» колхозының тоғаны.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

К. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институтында

Ғылми ұйірмелер

Институттың студенттері оқу жылының алғашқы күнінен бастап оқуға және сабақтан тыс жүргізілетін ғылми ұйірмелердің жұмысына зор ынтамен кірісті. Мұнда 4 ғылми ұйірме жұмыс істейді. Педагогика, тіл- әдебиет, физика- математика, жаратылыс тану- география ұйірмелерінің жұмысына 120-дан астам студент үнемі қатысып отырады. Әрбір ұйірменің сабағы жасалған жоспар бойынша айына екі рет өткізіліп тұрады.

Ұйірмелердің алғашқы сабақтарында жасалған ғылми баяндамаларды студенттер зор ынтамен тыңдады.

Институт

физкультурашылары

Институт физкультурашылары облыстық жарыстарда жыл сайын жақсы көрсеткіштерге ие болып келеді.

Үстіміздегі жылдың жазғы спорт маусымында Алматы қаласында өткізілген жоғарғы оқу орындары студенттерінің республикалық II спартакиадасында институт спортшылары физкультура мен спорттың барлық түрлерінен екінші орынға, ал, жеңіл атлетика мен велосипедпен жүруден бірінші орынға ие болды.

Спартакиадаға қатысушылар Қазақ ССР Оқу министрлігінің мақтау қуәлігі мен бағалы сыйлық алып қайтты.

Кәзір институтта жеңіл атлетика, баскетбол, гимнастика, волейбол; шахмат секциялары, жұмыс істейді. Бұл секцияларға 90-нан аса студенттер қатысып, өздерінің қылды үнемі күту ісіне зор көңіл бөлді.

Тәжрибе алаңында студенттердің күшімен 60 түп қайың ағашы отырғызылды.

Институт

жатақханасында

Коммунист көшесімен келе жатсаңыз екіқабат әдемі үй алыстан көзге түседі. Бұл —институт жатақханасы. Мұнда 130-дан астам студенттер орналасқан. Жатақхана жазды күні күрделі жөндеуден өткен. Студенттердің мәдениетті демалуына барлық жағдай жасалған. Олар сабақтан тыс уақыттарында шахмат, дойбы, домино тағы басқа қызықты ойындармен шұғылданады. Демалыс күндері ұйымдасып киноға барады. Онымен бірге, халықаралық жағдай және Совет Одағындағы болып жатқан жаңалықтар жөнінде әңгімелер жиі өткізіліп тұрады.

Кітап қоры көбеюде

Институт кітапханасы жыл сайын жаңа кітаптармен толықтырылуда. Өткен жылы мұнда барлығы 30 мың сомның кітаптары болса, быйылғы жылы жаңадан 10 мыңнан астам сомға кітап сатып алынды. Олардың ішінде совет және туысқан республикалар жазушыларының көрнекті еңбектері және саяси кітаптар бар. Кітапханашы Н. П. Сухова жолдас өз міндетін ұқыпты атқарып, студенттердің өскелең тілегіне сай жұмыс істеп келеді.

Политехникалық оқу

Мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру үшін бола-

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының басшы органдарын сайлау

ВЕНА, 20 октябрь. (СОТА). Бүгін кешке кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының Атқару комитеті мен Бас Советінің мәжлісі болды.

Бас Совет өзінің мәжлісінде кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының бас секретарі етіп **Луи Сайянды** бірауыздан сайлады.

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының Атқару комитеті КБФ-нің председателін, 14 адамнан құрылған атқару бюросын және 4 адамнан КБФ-нің секретарьларын бірауыздан сайлады.

КБФ-нің председателі болып **Джузеппе Ди Витторио** (Бүкілитальяндық Еңбек Конфедерациясының бас секретарь) сайланды.

Атқару бюросының құрамына: **Ди Витторио** —КБФ-нің председателі (Италия), **Луи Сайян**—ВИКТ-нің бас секретары және КБФ-нің бас секретары (Франция), вице-председатель: **Н. М. Шверник** (ССРО), **Ален Ле Леап** (Франция), **Лю Нин-и** (Қытай), **Ломбардо Толедано** (Латын Америкасы), **Герберт Варнке** (Германия), **Данге** (Индия), **Абдулла Диалло** (Африка), **Ласаро Пенья** (Куба), **Тесла** (Чехословакия), **Ньоно** (Индонезия), **Брандсен** (Голландия), **Лучеси** (Бразилия) өтті.

Казаков, Грасси, Лю Чжан-шэн және **Журдэн** кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының секретарьлары болып сайланды.

КИМ ИР СЕН МЕН ПЫН ДӘ-ХУӘЙДІҢ ГЕНЕРАЛ ХӘЛЛГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

ПЕКИН, 21 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кәсоннан мынаны хабарлады:

Корей Халық армиясының Бас қолбасшысы маршал Ким Ир Сен және Қытай халық еріктілері бөлімдерінің қолбасшысы генерал Пын Дә-хуәй бүгін Біріккен Ұлттар әскерлерінің бас қолбасшысы Хәллге хат жолдап, онда американдардың қолында болғандығы анықталған 98.742 корей және қытай соғыс тұтқындары жөнінде толық, нақты есеп беруді американдар жағынан талап етпкен. Бұл корей және қытай соғыс тұтқындарын американ жағы еліне қайтармай және олар туралы ешқандай есеп тапсырмай отыр.

Сол сыяқты, маршал Ким Ир Сен және генерал Пын Дә-хуәй корей-қытай жағына американ жағының, американдардың айтуына сәйкес, соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару жөніндегі бейтараптық комиссияға берілген соғыс тұтқындарының тізімін тапсыруды талап еткен.

ФРЕДЕРИК ЖОЛИО-КЮРИДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПРАГА, 21 октябрь. (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің секретариаты баспасөз бетінде жариялау

тап келеді.

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының коллективі сентябрь Пленумының қаулысына жауап ретінде жеміс-тамырлы және картоп егістерін жыйнауды мерзімінен бұрын аяқтап, оны қыска әзірлеуге міндеттеме алды. Совхоз жұмысшылары уәдесіне берік. Партия ұйымының басшылытымен олар социалистік міндеттемелерін аброймен орындап шығады.

Г. ЧЕШКОВ,

Мамлют асыл тұқымды мал совхозы партия ұйымының секретары.

нан жыл сайын нығайып келе жатқандығын айта келіп, ауыл шаруашылығы мамандарының колхозға әлі де болса жеткіліксіз көмектесетіне тоқталды.

— Сентябрь Пленумының қаулысы жариялануына айдан астам уақыт өтті, —деді ол, Бұл —мамандардың колхоз өндірісінде болып, жұмыстың алғашқы нәтижелерін көретін уақыты жетті деген сөз. Алайда, осы уақыттың ішінде біздің колхозда МТС- тің немесе облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының агрономдары, зоотехниктері болған емес. Көзір дәнді дақылдардың, картоп пен овощтің және бақша жеміс-

Бұлардан басқа жарыссөзде аудандық атқару комитетінің председателі Ыбраев, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Трофимова, Ақбас совхозының директоры Люлькин, Сидров жолдастар сөз сөйледі.

Пленумның жұмысына В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясының Қазақ филиалы президиумының председателі Дауылбаев жолдас қатысты.

Пленум ауданның ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету мақсатына бағытталған шаралар белгілеп, қаулы алды.

спорт шеберліктерін арттыруда.

Тәжрибе участогі

Жаратылыс тану-география факультетінің студенттері институт алаңындағы тәжрибе участогін өздерінің алған теориялық білімдерін тәжрибемен тығыз байланыстыра білу үшін пайдалануда.

Студенттер быйыл тәжрибе участогінде ауылшаруашылық дақылдарын өсіру жөнінде 9 тәжрибе жұмысын жүргізді. Студенткалар Момонова, Кишнякова, Котовалардың звенолары егілген да-

шақ оқытушылардың жеткіліксіз дәрежеде тәжрибе алуын қамтамасыз ету мақсатымен, кафедралар лаборатория жұмыстарын негізінен жақсарту ісіне студенттердің жаңадан модельдер жасауына ерекше көңіл бөлді.

Быйыл студенттердің күшімен физика және математика аспаптарының 64 түрлі модельдері жасалды. Бұлардың ішінен ең таңдаулы модельдер осы жазда облыстық мұғалімдер көрмесіне қойылды.

С. ЕСЕНДӘУЛЕТОВ.

Халықаралық шолу

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ШИЕЛЕНІСІН КҮШЕЙТІП ОТЫРҒАН КІМДЕР?

Ерікті Триест Жері туралы мәселеге дүние жүзінің жұртшылығы тағыда көңіл аударуда.

Бұл проблемаға көңіл аударылуына АҚШ пен Англияның жуырда Ерікті Триест Жерінің «А» аймағын басқаруды итальян үкметіне беруді ұйғарғандығы себеп болды.

Бұл адымның қандай мәні бар? Әңгіме ең алдымен жоғарыда айтылған жер туралы болып отыр: «А» аймағы, оның ішінде Триест порты мен қаласы итальян басқаруына өтеді, ал Югославия әскерлері оккупацияланған «Б» аймағы —Югославияның басқаруында қалады. Сейтіп, Италиямен жасасқан бітім договоры тағыда өрескел бұрмаланып отыр. Жұртқа мәлім, бұл договорда Ерікті Триест Жерін —бейтарап және демилитаризацияланған ауданды құру көзделген болатын. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін, АҚШ пен Англияның да қолдары қойылған қаулылар мен міндеттемелерде қажетті шаралардың бәрі —Хауіпсіздік Советі тарапынан жердің губернаторын тағайындау, оның конституциясын жасау, жерден шетел әскерлерін өкету және сондайлар белгіленген болатын.

Проблеманы осылай бірден бір дұрыс шешу — бұл жерде тұратын итальяндардың да, сол сыяқты югославтардың да праволарына кепіл болып, негізгі демократиялық бостандықтарды қамтамасыз еткен болар еді.

Бірақ АҚШ пен Англияның өздеріне алған міндеттемелерін орындамауы салдарынан, Ерікті Триест Жерін құру туралы қаулы осы уақытқа дейін жүзеге асырылмай келеді. Бұл түгіл, АҚШ пен Англия халықаралық келісімдерді бұза отырып, Триест Жерін заңсыз ағылшын- американ соғыс және соғыстеңіз базасына айналдырып отыр, агрессиялық Солтүстік Атлантика блогінің соғыс жоспарларында бұл жерге маңызды роль берілуде.

Вашингтон мен Лондонның жаңа айлакерлігінің мәні мен астарының сыры осында. Триестегі оқыйға мен Батыс мемлекеттердің орындалған және орындалмаған жоспарларының —Европаның бұл ауданында бірқатар соғыс блоктерін жасау жоспарларының байланысын анықтау қыйын емес. АҚШ-тың саясында «Балқан шарты» жасалып отырғанын, оған Түркияның, Грецияның, Югославияның қосылып отырғанын, грек-американ соғыс келісімі жасалғанын, «европалық армия» құру жоспары жасалып отырғанын еске түсірудің өзі де жеткілікті...

Біресе «қырқысу олжасын»—Триест, біресе «көмекпен» қызықтыруды, біресе қорқытуды және басқа қысым жасау әдістерін қолдана отырып, АҚШ-тың агрессияшыл күштері өздерінің алысты көздеген соғыс жоспарларының орындалуын қамтамасыз ету үшін бар күштерін жұмсауда. Ерікті Триест Жері туралы АҚШ пен Англияның қарарына түсінік бере келіп, буржуазиялық баспасөз әңгіме «батыс қорғанысының жоспарлары» дейтін туралы болып отырғанын ашық атап көрсетеді.

«Фактілер мынаны көрсетеді,—делінген Ерікті Триест Жері туралы мәселе жөнінде Совет үкметінің АҚШ және Англия үкметтеріне нотасында. —АҚШ және Великобритания Үкметтерінің Италиямен Бітім Договорын тағыда бұзуы мемлекеттер арасындағы, ең алдымен, Ерікті Триест Жерімен шекаралас елдердің арасындағы егестерді сөзсіз күшейтуге әкеліп соғады және бұл ауданда бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер туғызады».

Шетел баспасөздерінің соңғы хабарларына қарағанда, Триест ауданындағы жағдайдың шиеленісіп отырғандығы байқалады.

АҒЫЛШЫН- АМЕРИКАН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ КҮШЕЮІ ЖАҒДАЙЫНДА

«... Соңғы соғыстан бергі уақыттың ішінде американ үкметінің Орта Теңіз ауданындағы саясаты барлық уақытта дерлік ағылшын мүдделеріне қарсы болды».

«Ивнинг стандард» газетінің айтуынша, мұншалық ашық айтылған пікір ағылшын парламентінің бұрынғы мүшесі консерватор лорд Хэйшемнің аузынан шыққан.

Мұндай пікірдің айтылуы — көзіргі Англияда көздейсоқ жағдай емес. Мұндай пікірлер елдің ең әртүрлі топтарына тән (әрине, олардың себептері де әртүрлі).

Халықаралық істерде, халықаралық шиеленісті күшейтуге бағытталған саясатта, халықаралық саудадағы кемсіту саясатында американдардың өктемдік жасау саясатына риза болмаушылық Англияның консервативтік партиясының жуырда Маргетте болып өткен жыл сайынғы 73-ші конференциясында да неғұрлым айқын естілді. Бұл риза болмаушылықтың белгілі бір бөлігі, тікелей немесе жанама түрде болсада, көзіргі ағылшын үкметіне арнап айтылғандығы да түсінікті.

Конференцияның бірқатар делегаттары қатты абыржып, Англияның халықаралық позициясы нашарлағанын. «АҚШ Англияның мүдделерін құрметтеуді қойғанын» көрсетті. Мысалы, парламент мүшесі Джулиан Эмери делегаттардың мақұлдап дауыстауы үстінде былай деп мәлімдеді: «Орта Шығыста Анзюс (АҚШ-тың, Австралияның және Жаңа Зеландияның одағы, бұған Англия енгізілмей тасталған —М. А.) жөнінде де Құрама Штаттар одақтастарға лайықсыз мінез көрсетті».

Делегат Д. Партридж өзінің сөзінде Қытай Халық Республикасына БҰҰ-дағы өзіне тиісті орынның берілуін талап етті. Мұның өзі Қыйыр Шығыстағы шиеленісті бәсендетуге өте себепші болар еді, деді ол.

Құрама Штаттардың Британиялық империяның елдерімен сауда жасауға шек қойып отырғандығы жөнінде неғұрлым қатал наразылықтар айтылды. Өте бір көңіл аударарлық нәрсе «таможнялық ақымен сауда туралы жалпы келісімнің» шарттарын өзгертіп, Англияның Британиялық империя елдерімен сауда жүргізуде преференция системасын ұлғайтуына мүмкіншілік беруді талап ететін түзетуді конференция бірауыздан мақұлдады.

Консервативтік партияның аса көрнекті мүшесі Леопольд Эмеридің сөзі ерекше қатты естілді. Ол британия империясымен сауда жасауға американдардың таңып отырған шек қоюының бүкіл системасына «ашықтан ашық қарсы болуды» талап етті.

Мынаны айта кету керек, сауда министрі Торникрофт үкметтің сауда саясаты жөнінде айтылған сындарға (ол «жалпы келісімді» қайта қарау қажеттігіне принципі тұрғысынан келісті) жауап бере келіп, делегаттардың бірде бірі Англияның бұл келісімге қатысушы елдердің қатарынан шығуын ұсынған жоқ, дегенде, конференция залынан: «Әлі ол да болады» деген дауыстар естілді.

ГРЕЦИЯ АҚШ-тың АГРЕССИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫНА ШЫРМАЛУДА

Жуырда Афиныде американ- грек соғыс келісіміне қол қойылды. Бұл келісім Құрама Штаттарға Грециядағы аэродромдарды, соғыс- теңіз базаларын, тас жолдар мен темір жолдарды пайдалануға, сол сыяқты, мұнда Американың қарулы күштерін орналастыруға право береді. Басқаша айтқанда, әңгіме грек жерін АҚШ-тың соғыс тірегіне айналдыру туралы ғана болып отыр.

Жұртқа мәлім, өткен жылғы февральда Греция агрессиялық Солтүстік Атлантика блогіне тартылған болатын. Сол уақыттан бері Американың, билеп-төстеуші топтары грек экономикасын милитарландыруды барынша тырысып жүзеге асыруда, грек армиясын қаруландырып, оның санын көбейтуде, сонымен қатар Грецияға өзінің соғыс контингенттерін төгуде.

Жуырда ғана американ газеті «Уорлд телеграмм энд сан»ның Афинидегі тілшісі былай деп баяндады: «мұнда, Афиныде, американ миссиясының қызметкерлері соншалық көп, тіпті американ қызметкерлерінің тізімі телефон абоненттері кітабының өзінде 92 бетті алады, мұның өзі орта дәрежелі грекке өз елін шетел оккупациясына түскен сыяқты етіп көрсетеді».

Грецияда американдардың қожайындық етуі грек экономикасын ауыр күйзеліс халіне түсірді. Елде жұмыссыздық көбеюде, азаматтық өндірістің көлемі азаюда, азық- түліктің және көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы үнемі артуда, инфляция және бұқараның қайыршылануы күшеюде. Ақша қаржысының орасан көпшілігі соғыс мақсаттарына жұмсалады.

Афины баспасөзінің хабарына қарағанда, жуырда грек парламенті заң жобасын бекіткен, бұл заң жобасына сәйкес АҚШ-тың «Атлантика одағының жоспары бойынша Грецияда қорғаныс жұмыстарын орындау үшін» беретін товарлардың бәрі таможнялық төлемнен босатылған. Сонымен қатар, АҚШ-тың соғыс заказдарын орындайтын грек өнеркәсіп иелеріне көп кеңшіліктер беріледі.

Сонымен, экономикалық жағдайдың барған сайын нашарлап отырғанына қарамастан, Грецияда соғыс шаралары бірінші кезекке қойылып келеді. Американ соғысқұмарлары Солтүстік Атлантика блогі жөніндегі өз серіктестерінен жаңа құрбандықтар беруді талап етіп, грек халқы ұшырап отырған таппылықтармен және апатшылықтармен санаспай отыр.

Грек жұртшылығы келісімге қол қойылғандығы туралы хабарды қатты хауіп тенгендікпен қарсы алды. «Елдің сыртқы саясатының біржақты бағыты, — деп жазады «Авги» газеті, —грек халқын қатты абыржытып отыр. Америка Құрама Штаттарына Греция жерінде соғыс базаларының берілуі... біздің ұлттық тәуелсіздігіміздің ақырғы нышандарының өзін жояды».

Афиныде қол қойылған соғыс келісімі АҚШ-тың агрессияшыл топтарының, келісімде арсыздықпен айтылғанындай, бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті сақтауға мүдделі болып отырғандығын емес, қайта, халықаралық жағдайды, атап айтқанда — Балқандағы жағдайды шиеленістіруді көздеп отырғанын көрсетеді. Бейбітшіл адамзат бейбітшілікке қарсы жүргізіліп отырған істің бұл жаңа көрінісін айыптамай отыра алмайды.

М. АФОНИН,
Д. БОЧАРОВ.

үшін Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председателі Фредерик Жолио-Кюриді мәлімдемесін берді.

Ноябрьдің 23-нен 28-не дейін Венада Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы болады.

Көзір жүргізіліп жатқан науқанның шеңберінде сессия барлығына тиімді жағдайларда келісудің негізінде ұлттар арасындағы алауыздықтар мен тартыстарды халықтар тәуелсіздігін және хауіпсіздігін құрметтеу рухында үкметтердің шешуіне жетісу мақсатымен өткендегі және көзіргі уақыттағы алауыздықтарын қарамастан, атап айтқанда:

—су тегі бомбасын және адамдарды жаппай қырғынға ұшырататын барлық қару-жарақтың түрлеріне тыйым салуды және қарулануды қысқартуға бақылау қою туралы;

—көзіргі уақытта бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік үшін негізгі хауіп болып отырған корей және герман мәселелерін реттеу туралы барлық бейбітшілік сүйгіш адамдардың әрекеті жөнінде мәселе талқылайды.

———

АЛЖИРДЕГІ ФРАНЦУЗ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ КОММУНИСТЕРДІ ҚУДАЛАУЫ

ПАРИЖ, 21 октябрь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Алжирдегі француз соты ұлттық тәуелсіздігі үшін күрес жүргізіп отырған халқына тілектестік білдіруге шақырғандарын кінәға есептеп, Алжир Коммунистік партиясының 3 секретары: Ларби Бухали, Башир Хадж Али және Поль Кабалероны бір жыл тұтқын жазасына және ақшадай үлкен жаза төлеуге үкім еткен.

Осы сот «Либерте» газетінің редакторын бір жыл және басқа алжирлік екі коммунисті 6 айлық тұтқын жазаларына үкім етті. Бұлардың барлығына да жоғарыдағыларға таңылған айып қойылды.

ГАЗЕТ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ!

Газетіміздің келесі номері жексенбі күні, 25 октябрьде шығады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КЕМЕЛЕР ҚАМАЛДАРҒА ШАБУЫЛ ЖАСАИДЫ»

(«Адмирал Ушаковтың» 2-сериясы)

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

———

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«АКТРИСАНЫҢ ҚҰПЫЯСЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02036. Қазақ ССР, Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.